ИП «Астана» бөбекжайы

Ата-ана жиналысының хаттамасы №3

30.04. 2026

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-ана мен бала арасындағы көпір.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері.
3. Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы (қазақ тілін дамыту).

Бірінші мәселе бойынша Ата-ана мен бала арасындағы көпір

Тәрбиешінің кіріспе сөзі:

Жиналысты тәрбиеші ашып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы жайында қысқаша айтып өтті. Баланың алғашқы тәлім-тәрбиесі отбасынан басталатынын, ал ата-ананың жылы қарым-қатынасы баланың өзіне деген сенімін арттыратынын атап өтті. «Ата-ана – бала – тәрбиеші» үштігі бір-бірімен байланыста болғанда ғана тәрбие нәтижелі болатыны жайлы түсіндірілді. Баламен ашық сөйлесу, тыңдай білу, бірге уақыт өткізу, ойын ойнау, бірге кітап оқу сияқты әрекеттердің бала дамуындағы маңызы айтылды.

Ата-аналарға баламен болған жағдайдан мысал беріліп, «сіз не істер едіңіз?» деген сұрақтар қойылды. Бұл ата-аналардың баламен сөйлесу дағдыларын ой елегінен өткізуге мүмкіндік берді. Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, кейбір қиындықтарын айтып, бір-біріне кеңес берді. Бір ана: «Кешке жұмыстан келгенде телефонымды шетке қойып, тек балама көңіл бөлемін, бұл оған ұнайды» – деп бөлісті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Хамзина Б.С. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері туралы баяндады.** Жыл басынан бері жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы таныстырылды. Мониторинг нәтижелері бойынша: Балалардың 80%-ы негізгі білім дағдылары бойынша (қоршаған әлеммен танысу, математика, сөйледі дамыту, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) бағдарламаны жақсы меңгерген. 15%-ы бағдарлама мазмұнын орташа деңгейде игерген. 5% балаға қосымша назар қажет (нақты ата-аналарға жеке ескерту жасалды). **Ерекше назар аударылған бағыттар:** Көптеген балаларда **жеке жұмыс кезінде зейін қою, тапсырманы соңына дейін орындау, нұсқаулықты түсініп әрекет ету** дағдылары қалыптасты.Күрделі бағыт – **байланыстырып сөйлеу, ертегі құрастыру, шығармашылық жұмысты аяқтауға шыдамдылық таныту болды.**

Үшінші мәселе бойынша Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы (Қазақ тілін дамыту) Қазақ тілі мұғалімі Катчикова Ж.М. балалардың қазақ тілін меңгеруі бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды: Жыл бойы балалармен күнделікті қазақ тілінде амандасу, тақпақ жаттау, ойындар ұйымдастырылып отырғанын,Балалар қарапайым тілдік қарым-қатынас формаларын меңгерді деді. (сұрақ қою, жауап беру, сәлемдесу, алғыс айту т.б.).

Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс білдіріп, тәрбиешілердің жұмысына оң баға берді.

Scanned with CamScanner

ШЕШІМ:

1. Отбасында бала тәрбиесіне белсенді көңіл бөлу.
2. Жаз мезгілінде баланың білімі мен тілі ұмыт қалмауы үшін үй жағдайында жеңіл тапсырмалар беру.
3. Қазақ тілін дамыту бағытында мультфильмдер, әндер, кітаптар арқылы ата-ананың қолдау көрсетуі.

Төрайым: **Сейфуллина А.**

Хатшы : **Гайсина Қ**

Scanned with CamScanner